

қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылған, материалдарды кеден органы іс жүзінде алған сәттен басталған болып, ашылған болып, есептелінеді, осы материалдарда кеден ережелерінің бұзылу белгілері бар болса ("Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 311 бабы) ;

- кеден органының бастығы немесе оның орынбасары өндіріп алу туралы актінің күшін жою туралы қаулы шығарғанда (кеден органдары ережесін бұзғаны үшін өндіріп алуды қолданудың оңайлатылған нысанын пайдалану кезінде) және кеден ережелерін бұзу туралы істі ашқанда ("Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 369, 361 баптары).

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша істі жүргізу:

- кеден органының лауазымды адамына іс жүргізуде тұрған материалдарды осы органның бастығына немесе оның орынбасарына, Қазақстан Республикасындағы Кеден Комитетінде - осы Комитеттің уәкілдігі бар лауазымды адамына негізі бойынша қарау үшін беру кезінде ("Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 346 бабы) біткен болып е с е п т е л е д і .

Ескерту. Осы Нұсқаудың 2-тармағының осы ережесі құқық бұзушылықтың осы фактісі бойынша алдын ала тергеу органдарында, басқа да анықтама алу органдарында оны қарауға дейін прокурор немесе сот, кеден органы осындай кедендік құқық бұзушылықтар туралы хаттама жасаған болса қолданылады.

3. Істі ашу сәтінен бастап, бір ай мерзімнен кешіктірмей, кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша істі жүргізу аяқталуы тиіс.

Бұл мерзімді егер осындай қажеттілік туындаса, кеден басқармасы немесе Қазақстан Республикасы кеден бастығы немесе оның орнындағы адам мен Қазақстан Республикасы жоғары тұрған кеден органдары бастықтары немесе олардың орнындағы адамдар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 258 бабында көзделген ("Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 303 бабы) кеден ережелерін бұзғаны үшін өндіріп алу мерзімі шеңберінде ұзартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының кеден бастығы немесе оның орнындағы адам кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту қажеттігі туындаса, егер осындай іс жүргізуді осы кеденнің лауазымды адамы не осы кеденге бағынышты кеден күзетінің адамы жүргізсе, ұзартуға, бірақ алты айдан артық емес уақытқа ұзартуға құқылы.

Іс жүргізу ісі бойынша осындағы құқығы кеден басқармасының бастығы немесе оның орнындағы адам, осы басқарманың лауазымды адамы немесе кеден органы басқармасына бағынышты лауазымды адам ие болады. Мұнда кеден басқармасының бастығы немесе оның орнындағы адам кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша істі жүргізу мерзімін ұзарту туралы мәселені бақылау

тәртібімен өзінің бастамасы бойынша сондай-ақ және кеден бастығының немесе оның орнындағы адамның осы кеденнің контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша бөлімінің осындай іс жүргізудің мерзімін ұзарту туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартқан кезінде, егер контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бөлімінің бастығы, кеден күзетінің бастығы немесе іс жүргізуінде осындай іс бар лауазымды адам іс бойынша іс жүргізудің мерзімін ұзарту қажеттігін талап етсе, қарайды.

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін одан әрі ұзарту (алты айдан асатын, бірақ бір жылдан артық емес мерзімге) ерекше жағдайларда ғана кеден басқармасының бастығы немесе оның орнындағы адам егер осындай іс жүргізуді осы кеден басқармасының лауазымды адамы немесе кеден басқармасына бағынышты кеден органының лауазымды адамы жүзеге асырса жүргізілуі мүмкін.

ҚР КК Контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша басқармасының, сонымен қатар Қазақстан Республикасының төменгі тұрған кез-келген кеден органының жүргізуіндегі кез-келген іске қатысты Қазақстан Республикасының Кеден Комитетінде кеден ережелерін бұзу туралы істі жүргізу мерзімін алты айдан аса, бірақ бір жылдан артық емес мерзімге ұзарту өкілеттігіне Кеден Комитетінің Төрағасы немесе оның орнындағы адам ие.

ҚР КК тікелей бағынышты кедендер үшін кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін алты айдан аса, бірақ бір жылдан артық емес мерзімге ұзарту туралы мәселені егер контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бөлімінің бастығы немесе іс жүргізуінде осындай іс бар лауазымды адам іс бойынша іс жүргізудің мерзімін ұзарту қажеттігін талап етсе, осы кеденнің контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша бөлімінің өтінішін орындаудан кеден бастығы бас тартқан кезде ҚР Кеден Комитеті Төрағасы немесе оның орнындағы адам қарайды.

Кеден басқармаларына бағынышты кедендердің тиісті өтініштеріне қатысты ҚР Кеден Комитеті Төрағасы немесе оның орнындағы адам бақылау тәртібімен өз бастамасы бойынша, сонымен қатар егер кеден бастығы не кеден басқармасының контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша бөлімнің бастығы не іс жүргізуінде кеден ережелерін бұзу туралы іс бар лауазымды адам іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзартудың қажеттілігін талап етсе, осындай іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы кеденнің өтінішін қанағаттандырудан кеден басқармасы бастығы немесе оның орнындағы адам бас тартқан кезде кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы мәселені қарайды.

4. Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзартудың қажеттілігі жағдайында іс жүргізуінде осы іс бар лауазымды адам кеден

ережелерін бұзу туралы іс бойынша істі жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қозғау туралы дәлелді өтінішін жасауға және (нысаны тіркеледі) және оны кеден органының тиісті бастығына немесе оның орнындағы адамның осындай мерзімнің бітуіне бес күннен кешіктірмей (ҚР КК - Контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша басқарма бастығына немесе оның орнындағы адамға) ұсынуға міндетті.

5. Кеден бастығы немесе оның орнындағы адам контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша бөлім бастығының өтінішке қолы қойылғанда кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қозғау туралы өтінішті қарауға қабылдайды.

Кеден басқармасының бастығы немесе оның орнындағы адам әдетте өтініште контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бөлімінің бастығы және кеден бастығының не оның орнындағы адамның сондай-ақ кеден басқармасының контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша бөлім бастығының қолы қойылса, кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша мерзімін ұзарту туралы өтінішті қозғау туралы өтінішін қарауға қабылдайды.

ҚР Кеден Комитетінің Төрағасы немесе оның орнындағы адам әдетте өтініште кеден бастығының немесе оның орнындағы адамның және кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізуді ұйымдастыру құзыретіне жататын немесе осы басқарманың басшылығы іс бойынша істі жүргізуді ұйымдастыруға бақылау жүктелген кеденнің контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бөлімі бастығының, сондай-ақ контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес басқармасы бастығының, ҚР КК Контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес бойынша басқармасының тиісті бөлімі бастығының визалары бар болған жағдайда кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы жазбаша өтінішін қарауға қабылдайды.

6. Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қозғау туралы өтініштің баяндалатын бөлімінде:

- оны шығару орны және күні, сондай-ақ өтініш шығарған адамның қызметі, тегі және аты - жөні;

- кеден ережелерін бұзудың жасалынған мән-жайын баяндау;
- кеден ережелерін (оларды) бұзған адам (адамдар) туралы мәліметтер;
- кеден ережелерінің бұзылуын куәлендіретін негізгі айғақтарды қысқаша баяндау;

- "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың бабы (баптары) бойынша кеден ережелерін бұзу туралы хаттамада көрсетілген кеден ережелерінің бұзылуын сараптау;

- "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың бабы (

баптары) бойынша егер, іс жүргізу барысында алдын-ала сараптауды өзгерту үшін жеткілікті мәліметтер алынса, кеден ережелерін бұзудың болжамдалған түпкілікті сараптауы;

- осы іс бойынша іс жүргізуді бұрын қандай лауазымды адам қай жерде, қанша мерзімге ұзартқаны туралы мәліметтер;

- істі қосымша жүргізу үшін кеден ережелерін бұзу туралы істі қайтару туралы мәліметтер ("Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы") Жарлықтың 355 бабындағы бірінші бөлімнің 5 тармағы;

- кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша мерзімін ұзарту үшін негіздер;

- іс бойынша іс жүргізуді аяқтау үшін орындалуға қажетті негізгі іс жүргізу әрекеттері мен шараларын қысқаша көрсету, сондай-ақ оларды өткізудің болжамдалған мерзімдері;

Өтініште кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтініш қозғалған адамның қызметі, тегі, осы істің нөмірі және іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтініш қозғалғанға дейінгі нақты күн көрсетіледі.

7. Өтінішті қозғау және оны қарау міндетті түрде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 303 бабында көзделген кеден ережелерін бұзғаны үшін өндіріп алу мерзімі шеңберінде іс жүргізуді ұзарту мүмкіндігі туралы шарттың сақталуын қарастырады.

Сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 254 бабының 1, 2, 3 тармақтарында көзделген өндіріп алулар;

- ескерту;

- айыппұл;

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықта көзделген қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы кеден органы берген лицензияны және сараптау аттестатын қайтарып алу түрінде;

- кеден ережелерін бұзғаны анықталған күннен бастап, екі айдан кешіктірмей жеке тұлғаларға немесе лауазымды адамдарға, ал кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлға мәртебесі жоқ адамдарға құқық бұзушылық анықталған күннен бастап алты айдан кешіктірмей салынуы мүмкін;

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 254 бабының 4, 5, 6 тармақтарында көзделген өндіріп алулар, атап айтқанда:

- кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын заттарды жасыра отырып, кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу үшін пайдаланылған арнайы даярланған жасырғыштары бар тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу;

- кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын заттарды жасыра отырып, кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу үшін пайдаланылған арнайы даярланған жасырғыштары бар тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алу;

- кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар тасымалданған көлік құралдарын тәртілеу кеден ережелерінің бұзылған немесе анықталған уақытына қарамай және олардың өндіріп алулардың негізгі немесе қосымша екендігіне қарамай салынады.

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қозғау және қарау кезінде жүргізуінде кеден ережесінің бұзылуы туралы іс жатқан кеден органының лауазымды адамының іс жүргізу аяқталған кезде іс материалдарын осы органның бастығына немесе оны орынбасарына, ал ҚР КК лауазымды адамы - осы КК уәкілдігі бар лауазымды адамына жеке тұлғаға немесе лауазымды адамға қатысты өндіріп алу мерзімі біткенге дейін он бес күннен кешіктірмей және кәсіпорынға, мекемеге немесе ұйымға сондай-ақ заңды тұлғаның мәртебесі жоқ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамға қатысты бір айдан кешіктірмей, беретін жағдайда іс жүргізу мерзімі ұзартылуы мүмкін деп көрсетілген "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 346 бабының талаптарын бұзуға жол берілмейді.

Ескерту . Қылмыстық іс қозғаудан немесе оны доғарудан бас тарту жағдайында бірақ кеден ережелерін бұзу белгілері бар кезде, өндіріп алу мерзімі Қазақстан Республикасы кеден органының тергеушіден, прокурордан, соттан, анықтама алу органдарынан қылмыстық іс қозғау немесе доғарудан бас тарту (қаулы, анықтау, үкім) туралы шешім алынған кезден бастап есептелінеді.

8. Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қозғау кезінде жүргізуінде осындай іс бар кеден органының лауазымды адамы орындалуға тиісті іс жүргізу әрекеттері мен іс бойынша шаралардың толық жоспарын оларды өткізудің болжамдалынған уақытын көрсете отырып ұсынуға міндетті, ал іс бойынша іс жүргізу мерзімі туралы мәселені қарауға уәкілдігі бар кеден органының лауазымды адамы талап етуге қ ұ қ ы л ы .

Іс бойынша іс жүргізу мерзімі екі есе және одан да көп немесе бір рет, бірақ алты айдан асатын мерзімге кеден органының осындай мерзімді ұзартуға уәкілдігі бар лауазымды адамы жүргізуінде осы іс бар адамнан іс бойынша жұмыстың күнтізбелік есебін және бақылау ретінде іс материалдарын тексеруді және ол бойынша іс ұйымдастыруды тағайындауды талап етуге құқылы.

Іс бойынша іс жүргізуді дұрыс ұйымдастырмау туралы фактілер бойынша іс жүргізу мерзімін ұзартуға өкілеттігі бар кеден органының лауазымды адамының жедел мәжілісінде міндетті түрде қарауға жатады.

9. Егер кеден ережелерін бұзу туралы іс "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 355 бабының 5 тармағында көзделінген тәртіппен қосымша іс жүргізу үшін қайтарылса, оны мәні бойынша қарауға дейін кеден органының осындай шешім қабылдаған лауазымды адамы осы Нұсқауда көзделінген өз өкілеттігі шегінде іс жүргізу қажеттігіне байланысты қосымша үшін істі қайтару туралы оның шешім қабылдаған іс жүргізу әрекеттері мен шараларын орындау үшін бұл мерзім бітсе не мүлде жетіспесе, іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешуге міндетті. Мұндай жағдайда мерзімін ұзарту туралы жазу кеден ережелерін бұзу туралы істі қайтару туралы қосымша іс жүргізу үшін жазбаша тапсырманың мәтініне енгізіледі.

Іс бойынша қосымша іс жүргізу үшін істі қайтару кезінде қалған жағдайларда жалпы тәртіппен ұзартылады.

Егер кеден ережелерін бұзу туралы іс "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 350 бабында көзделінген тәртіппен қосымша іс жүргізу үшін қайтарылса, кеден органының осындай шешім қабылдаған лауазымды адамы осы Нұсқауда көзделінген өз өкілеттігі шегінде іс жүргізу қажеттігіне байланысты қосымша іс жүргізу үшін істі қайтару туралы оның шешім қабылдаған әрекеттері мен шараларын орындау үшін бұл мерзім бітсе не мүлде жетіспесе, іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешуге міндетті. Іс бойынша істі жүргізу мерзімін ұзарту туралы шешім қосымша іс жүргізу үшін істі қайтару туралы қаулыда тікелей көрсетіледі.

10. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 303 бабында белгіленген кедендегі бұзу туралы істі қарау мерзімі кеден органының өкілетті лауазымды адамының оны шешу үшін қажетті іс материалдарын алған күннен бастап және осы іс бойынша олардың қаулысы шығарылғанға дейін е с е п т е л і н е д і .

Жауапкершілікке тартылатын адамнан оның адвокатынан немесе өкілінен істі қарау күнін ауыстыру туралы өтініш түскен жағдайда істі қарау мерзімі Қазақстан Республикасы кеден органының осы істі қарауға құқылы лауазымды адамы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтың 303 бабында көзделінген шарттарды сақтай отырып, ұзартуы мүмкін. Істі қарау мерзімін ұзарту кеден органының лауазымды адамының көрсетілген өтініште жазбаша жазуы арқылы не осындай адам еркін нысанда жасаған жеке анықтама арқылы ресімделеді.

11. Осы Нұсқаудың ережелері Қазақстан Республикасы кеден органының қызметіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту тәртібіне де қатысты қолданылады.

Кеден ережелерін бұзу ісі бойынша іс жүргізу және оны қарау мерзімін ұзарту тәртібі туралы Нұсқауға қосымша

Кеден ережелерін бұзу туралы

іс бойынша N _____ іс жүргізу мерзімі
1995 ж. " ____ " _____ дейін ұзартамын
ҚР КК Төрағасы/Бастығы

(Кеден органының атауы)

1995 ж. " ____ " _____

(қол қою үшін орын) (тегі)

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы

ӨТІНІШ

1995 ж. " ____ " _____ (ж а с а ғ а н о р н ы)

(өтініш жасаған адамның лауазымы, кеден органы, тегі және

_____ а т ы - ж ө н і)

Кеден ережелерін бұзу туралы N _____ іс материалдарын қарап

Б Е Л Г І Л Е Д І :

